

құруды көздеуші, тез бұзылатын өнім болып табылады;

- сүт өндірісінің маусымдық сипаты қыс мезгілінде сұранысты қанағаттандыру үшін құрғақ сүт және басқа да сүт өнімдері қорларын қалыптастыру қажеттілігін анықтайды;

- сүт өнімдерінің әртүрлілігі, орама түрлері және бағалардағы айырмашылық негізгі қағидалары бойынша нарықты сегменттеуді анықтайды: тұтынушылардың ауқымы, өнімнің тұтынушылық сипаттамалары, сүт өнімдерінің сапасы, оны анықтау әдістері және стандарттарының өзгерісі [1].


Сұраныс пен ұсынысқа, сүт өндіру және тұтынуға әсер ететін жоғарыда аталған факторлардың барлығы кешенді зерттеуді және қазақстандық сүт және сүт өнімдері нарығындағы өзекті мәселелерді анықтауды талап етеді.

Нақты түріне қарамастан нарық төрт элементтерге негізделеді: сұраныс, ұсыныс,

баға және бәсеке. Қазақстан Республикасының сүт және сүт өнімдері нарығын бағалауда аталған элементтердің әсерін талдау қажеттілігі туындайды. Сүт және сүт өнімдері нарығындағы сұраныс тұтынумен анықталады, оны тұтыну тікелей халықтың денсаулығына әсер етеді: ғалымдардың пікірінше, сүт және сүт өнімдері мемлекет халқының тұтыну құрамындағы базалық өнімдер болып табылады.

Қазақстандық тұрғын күніне сүт және сүт өнімдердің 600-ге жуық грамм, барлық халық жылына шамамен 3 921 мың тонна тұтынады. Бұл көрсеткіш тұтыну нормасына сәйкес болғанда сүт және сүт өнімдерінің орташа тәуліктік тапшылығы бір тұтынушыға 480 грамм құрайтынын есте ұстанған жөн.

1-суретте 2010-2014 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы халқының сүт және сүт өнімдерін тұтыну деңгейінің өзгеруі көрсетілген.



1-сурет. 2010-2014 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы халқының сүт және сүт өнімдерін тұтыну деңгейі, кг [2]

Суреттен көріп отырғанымыздай, сүт және сүт өнімдерін жан басына шаққандағы тұтынуы 2014 жылы 225,6 литрді құрады. Бұл деңгей сүт және сүт өнімдерін тұтынуының физиологиялық нормасынан төмен, сүтке есептегенде 44,2% (Қазақ тағамтану академиясының мәліметтері бойынша сүт және сүт өнімдерін тұтынудың физиологиялық нормасы

сүтке есептегенде жылына 405 кг/литр құрайды).

2010-2014 жылдар аралығында өндіріс және импорт көлемдерінің қосындысынан экспорт көлемін шегеру арқылы сомасынан құралатын сүт және сүт өнімдерінің тұтынуы қарастырайық (1-кесте).

1-кесте. 2010-2014 жылдар аралығында сүт және сүт өнімдерінің негізгі көрсеткіштері

№	Көрсеткіштердің атауы	Жылдар					2014 жылмен салыстырғанда, %	
		2010	2011	2012	2013	2014	2010	2013
Өндіріс								
1	Сүт, мың тонна	5381,2	5232,5	4851,6	4930,3	5067,9	94,1	102,7
2	Сүт өнімдері, тонна	466 982	532 742	586 427	686 937	725 198	155,2	105,5
Импорт								
1	Сүт, мың тонна	452,5	606,7	620,1	645,7	684,6	151,2	106,0
2	Сүт өнімдері, тонна	182	158	164	172	176	96,7	102,1
		325,6	761,3	724,8	813,0	446,1		


Слово молодым ученым

Экспорт								
1	Сүт, мың тонна	32,3	32,3	30,5	30,8	31,3	96,9	101,6
2	Сүт өнімдері, тонна	1 734,1	2 970,6	4 715,3	23 980,5	30 120,8	17 есе	125,6
Тұтыну								
1	Сүт, мың тонна	5801,4	5806,9	5441,2	5545,2	5721,2	98,6	103,1
2	Сүт өнімдері, тонна	647 573,5	688 532,7	746 436,5	835 769,5	871 523,3	134,5	104,2
Ескерту – [3;4] мәліметтер негізінде автор құрастырған								

1-кестеден көріп отырғанымыздай, 2012 жылы сүт өндірісінің төмендеген, ал кейінгі жылдары 2010 жылдың деңгейіне жете алмады. Сүт өндірісінің көлемі сиырлар санынан және олардың сүт өнімділігінен байланысты. Сүт өнімдерінің өндірісі тұрақты өсіп отырғанын көріп отырмыз. Атап айтқанда, 2014 жылды 2013 жылмен салыстырғанда сүт өндіру 2,7%-ға, сүт өнімдерін өндіру 5,5%-ға жоғарыласа, ал сүтті тұтыну 3,1%-ға, сүт өнімдерін тұтыну 4,2%-ға артты. Сондай-

ақ сүт және сүт өнімдері нарығындағы импорт пен экспорттың өсуі байқалады. Бірақ, сүт және сүт өнімдерінің экспорт көлемі импорт көлемінен айтарлықтай аз.

Қазақстан Республикасында сүт және сүт өнімдерінің ұсынысы бірінші кезекте меншікті өндіріспен қалыптасады. Келесі 2-суретте 2010-2014 жылдар аралығында Қазақстан Республикасындағы сүт өндірісінің серпіні көрсетілген.



2-сурет. 2010-2014 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы сүт өндірісінің серпіні, мың тонна [3]

2010-2014 жылдар аралығында Қазақстан Республикасында сүт өндіру үрдісі жақсы екендігін айтуға болады. Қазақстан Республикасы 2014 жылы 5 067,9 мың тонна сүт өндірді, ол 2013 жылмен салыстырғанда 137,6 мың тонна жоғары екендігін көрсетеді. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

мәліметтері бойынша талданып отырған кезеңде сүт өндіруде көшбасшы Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстары болып табылады.

Сонымен қатар, 2010-2014 жылдар аралығында Қазақстан Республикасында сүт өнімдерін өндіру үрдісі де тұрақты өсіп отырғаны байқалады (2-кесте).

2-кесте. 2010-2014 жылдар аралығында Қазақстан Республикасында сүт өнімдерін өндіру, тонна

№	Сүт өнімдерінің түрлері	Жылдар					2014 жылмен салыстырғанда, %	
		2010	2011	2012	2013	2014	2010	2013
1	Өңделген сұйық сүт және кілегей	294 957	338 505	372 500	440 347	472 866	160,3	107,3
2	Қатты түрдегі сүт	2 612	2 880	1 794	2 402	3 080	117,9	128,2
3	Сары май	14 000	14 577	12 245	14 075	18 794	134,2	133,5
4	Ірімшік пен сүзбе	16 342	17 595	19 177	22 120	22 211	135,9	100,4
5	Сүт өнімдерінің басқа да түрлері	139 071	159 185	180 711	207 993	208 247	149,7	100,1


6	Барлығы	466 982	532 742	586 427	686 937	725 198	155,2	105,5
Ескерту – [4;5] мәліметтер негізінде автор құрастырған								

Кестеден көріп отырғанымыздай, талданып отырған кезеңде өндірілетін сүт өнімдерінің құрамында айтарлықтай өзгеріс болған жоқ, 2010 және 2014 жылдары сүт өнімдері құрамында басым бөлігін өңделген сұйық сүт, кілегей және сүт өнімдерінің басқа да түрлері құрайды, ал қалған сүт өнімдерінің үлесі 7%-дан аспайды. Өңделген сұйық сүт және кілегей бойынша өндіріс көлемі 2014 жылды 2013 жылмен салыстырғанда 32 519 тоннаға жоғарылады, өсуі 7,3% болды; қатты түрдегі сүт бойынша – 678 тоннаға жоғарылады, өсуі 28,2% болды; сары май бойынша – 4 719 тонна жоғарылады, өсуі 33,5% болды; ірімшік пен сүзбе бойынша – 91 тоннаға жоғарылады, өсуі 0,4% болды.

Баға объективті нарықтық факторлармен, өндірістің белгілі бір шарттарымен,

нарықта тауарды өткізу жағдайларымен анықталады және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатын бейнелейді [6, 222 б.]. Сұраныс пен ұсыныс арасындағы өзара қатынастардың өзгерісі нарықтық бағалардың ауытқуын тудырады. Осы ауытқу арқылы тепе-теңдік баға орнатылады, соның негізінде сұраныс пен ұсыныстың және түпкі қорытындысында өндіріс пен тұтынудың тепе-теңдігін қамтамасыз етеді.

Бағаның қалыптасуына әсер ететін бірнеше факторлар бар, олардың ішінен сүт және сүт өнімдері нарығына тауар құнын көрсететін өндіріс шығындары, тұрғындардың сатып алу қабілеті, ақша өрісінің жағдайы және тауар сапасы және т.б. әсер етеді. Бағаға әсер ететін сүттің өзіндік құнында өсу үрдісі бар екенін атап өту қажет (3-сурет).



3-сурет. 2010-2014 жылдар аралығында ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында 1 центнер сүттің (өткізілген өнімінің) өзіндік құны, теңге [3]

3-суреттен көріп отырғанымыздай, 2010-2014 жылдар аралығында ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында 1 центнер өткізілген сүттің өзіндік құны өсіп отырғаны байқалады. Атап айтқанда, 2014 жылы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында 1 центнер өткізілген сүттің өзіндік құны 7 206 теңге болды және ол 2010 жылмен салыстырғанда 2 932 теңгеге жоғары екендігін көрсетеді.

Қазақстандағы шикізат және қаймағы алынбаған өнімдер тапшылығы өндірушіден тұтынушыға дейін тауар қозғалысының барлық буындарында шикізатқа бағаның өсуімен жүреді [7, 70 б.].

Сүт және сүт өнімдеріне баға индексі мемлекеттің баға өзгерісін талдауға мүмкіндік

беретін индикаторлардың бірі болып табылады. 2010-2014 жылдар аралығында Қазақстан Республикасында сүт және сүт өнімдерін өткізу бағасының индексі келесі 3-кестеде көрсетілген.

Кестеден көріп отырғанымыздай, сүт және сүт өнімдерін өткізу бағасының индексіне бағаның өсуі байқалады. 2014 жылы шикі сүт 10,3%-ға; жаңа сауылған сүт 7%-ға; консервіленген сүт 12%-ға; айран 12%-ға; қаймақ 10,3%-ға; сүзбе 18,5%-ға; мәйекті ірімшік 20%-ға; қышқыл сүт өнімдері 10,6%-ға жоғарылады.

Қазақстан Республикасында сүт және сүт өнімдеріне талданып отырған кезеңде орташа бағаның өсу үрдісі байқалады (4-кесте).

3-кесте. 2010-2014 жылдар аралығында Қазақстан Республикасында сүт және сүт өнімдерін өткізу бағасының индексі, пайызбен

№	Көрсеткіштердің атауы	Жылдар				
		2010	2011	2012	2013	2014

Слово молодым ученым

1	Шикі сүт	122,6	115,4	102,3	102,8	110,3
2	Жаңа сауылған сүт	107,3	107,4	103,2	104,2	107,0
3	Консервіленген сүт	108,0	107,8	103,5	102,9	112,0
4	Айран	112,5	110,4	103,4	104,9	112,0
5	Қаймақ	109,8	110,2	104,6	105,3	110,3
6	Сүзбе	110,1	115,7	107,3	108,5	118,5
7	Мәйекті ірімшік	109,5	110,2	102,4	106,3	120,0
8	Қышқыл сүт өнімдері	110,1	109,7	104,0	104,9	110,6
Ескерту – [8;9] мәліметтер негізінде автор құрастырған						

4-кесте. 2010-2014 жылдар аралығында Қазақстан Республикасында сүт және сүт өнімдеріне орташа баға (кезең соңына, килограмна теңгемен)

№	Көрсеткіштердің атауы	Жылдар					2014 жылмен салыстырғанда, %	
		2010	2011	2012	2013	2014	2010	2013
1	Шикі сүт, литр	102	114	124	133	140	137,2	105,2
2	Пастерленген сүт, литр	146	159	161	169	188	128,7	111,2
3	Айран, литр	174	194	200	211	240	137,9	113,7
4	Қаймақ, кг	567	634	672	706	773	136,3	109,4
5	Сүзбе, кг	574	831	887	971	1 160	2 есе	119,4
6	Мәйекті ірімшік, кг	1 207	1 332	1 363	1 445	1 732	143,4	119,8
Ескерту – [9] мәлімет негізінде автор құрастырған								

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2014 жылды 2013 жылмен салыстырғанда шикі сүт бағасының 5,2%-ға; пастерленген сүт - 11,2%-ға; айран - 13,7%-ға; қаймақ - 9,4%-ға; сүзбе - 19,4%-ға; мәйекті ірімшік - 19,8%-ға өскен.

Қазақстан экономикасы ашық болып табылады, ал азық-түлік нарығы көптеген өнімдер бойынша импорт есебінен қанағаттандырылады және оның сипаттамасына әлемдік тенденциялар әсер етеді [10, 24 б.].

Тауар ассортиментін кеңейту үшін импорт қолданылады. Қазақстан Республикасында сүт және сүт өнімдерінің импортын талдау бәсекенің мән-жайын ашады. Сүтті өңдеу көлемі шикізатты маусымдық өндіруден байланысты емес, сондықтан импорт шет елдерден құрғақ сүтті пайдалануға әкеледі. 2010-2014 жылдар аралығында Қазақстан Республикасында сүт және сүт өнімдерінің импорты келесі 5-кестеде көрсетілген.

5-кесте. 2010-2014 жылдар аралығында Қазақстан Республикасында сүт және сүт өнімдерінің импорты

№	Көрсеткіштердің атауы	Жылдар					2014 жылмен салыстырғанда, %	
		2010	2011	2012	2013	2014	2010	2013
1	Сүт, мың тонна	452,5	606,7	620,1	645,7	684,6	151,2	106,0
2	Сүт өнімдері, тонна	182 325,6	158 761,3	164 724,8	172 813,0	176 446,1	96,7	102,1
Ескерту – [3;4] мәліметтер негізінде автор құрастырған								

Кестеден көріп отырғанымыздай, сүт импорты 2014 жылы 2010 жылмен салыстырғанда 51,3%-ға, ал алдыңғы жылмен - 6%-ға өсті. Сүт өндірісіне қатысты сүт импортының үлесі 8,4%-дан 13,5%-ға өсті. Талданып отырған кезеңде сүт импортының өсуі болды. Сүт өнімдерінің импорты 2011 жылы 2010 жылмен салыстырғанда айтарлықтай төмен-

деді. 2014 жылы сүт өнімдерінің импорт көлемі 2010 жылдағы көлемінен асқан жоқ және оның деңгейіне жете алмады. Сүт өнімдерінің өндірісіне қатысты сүт импортының үлесі 39%-дан 24,3%-ға төмендеді, бірақ аналогты көрсеткіш үлесіне қарағанда жоғары болып қалады. Сүт және сүт өнімдері нарығында негізгі импорттаушы мемлекеттер

Ресей, Беларусь және Қырғыз болып табылады. Импорт құрылымында құрғақ, бүтін және майсыздандырылған сүттің, майдың, ірімшіктің, сүзбенің, қоюлатылған сүттің үлесі жоғары.

Әрине, Қазақстан Республикасы сүт және сүт өнімдері нарығында шетел компаниялардың болуының жағымды әсері бар. Тұтынушылар назарына бәсекелес сүт және сүт өнімдерін өндіруші отандық кәсіпорындарды қазіргі заманға сай буып-түю және орау материалдарына ауысуға, технологияларды жетілдіруге, жаңа өндірістік желілерді және заманауи құрал-жабдықтарды енгізуге, жаңа өнімдер рецептурасын әзірлеуге және оларға сұранысты қалыптастыруға мәжбүрлейді. Оның өзі, импорттық өнім қазақстандық сүт өнеркәсібін дамытуды және жетілдіруді ынталандырады. Отандық нарықта импорттық сүт және сүт өнімдерінің орын алуының себебі – өнімнің сапасы, отандық кәсіпорындардың өндірістік қуаттылықты толық қолданбауы, сүт және сүт өнімдері өткізудің инфрақұрылымының дамымағаны және импорттық өнімдердің жоғары бәсекелестігі.

Сүт және сүт өнімдері нарығына жасалған кешенді талдау негізінде аталған нарықты дамыту үшін келесідей қорытындылар жасауға болады:

- сүт және сүт өнімдері саласында өнімдердің сапасын және қауіпсіздігін бақылау бойынша мемлекеттік қолдауды күшейту;

- қолданыстағы техникалық регламенттердің метрологиялық сараптамасын жүргізу және құрылыс бойынша шаралар қабылдау, артта қалған сынақ зертханаларын жаңғырту, олардың материалдық-техникалық базасын нығайту, сондай-ақ стандарттарын және сынау әдістерін әзірлеу;

- сүт және сүт өнімдерін өндірушілерді техникалық талаптарға сай табиғи және сапалы шикізатпен қамтамасыз ететін ірі мемлекет меншігіндегі шаруа қожалықтарын қалыптастыру белгілі деңгейде ықпалын тигізеді;

- сүт өңдеуші кәсіпорындарды маркетингке және құрылымдық бөлімшелерді маркетингтің стратегиясы мен тактикасының мақсатына бағыттау.

Сонымен, Қазақстан Республикасындағы сүт және сүт өнімдері нарығының негізгі элементтеріне жүргізілген талдау арқылы оның дамуындағы кемшіліктерге қарамастан сүт және сүт өнімдері нарығы нығайғанын, өскенін, жетілгенін және әлемдік стандарттарға сәйкестігін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Анализ производства и потребления молока и молочной продукции:

Маркетинговое исследование / [Электронный ресурс].-2016:// [http:// www.kaf.kz/about/marketingovye_issledovaniya/1 analis _milk.pdf](http://www.kaf.kz/about/marketingovye_issledovaniya/1_analis_milk.pdf) (дата обращения 19.02.2016).

2 Казахстан в 2014 году: Статистический ежегодник (на казахском и русском языках). – Астана, 2015. – 485 с.

3 Сельское, лесное и рыбное хозяйство в Республике Казахстан за 2010-2014 годы: Статистический сборник (на казахском и русском языках). – Астана, 2015. – 192 с.

4 Балансы ресурсов и использования важнейших видов сырья, продукции производственно-технического назначения и потребительских товаров по Республике Казахстан за 2010-2014 годы: Статистический сборник (на казахском и русском языках). – Астана, 2015. – 78 с.

5 Промышленность Казахстана и его регионов за 2010-2014 годы: Статистический сборник (на казахском и русском языках). – Астана, 2015. – 160 с.

6 Есімжанова С.Р. Маркетинг: Оқу құралы.– Алматы: «ЭКО» БАСПА ҮЙІ, 2009. – 506.

7 Амирбаев С. Основные факторы, влияющие на состояние отечественного рынка молока и молокопродуктов в условиях развития межгосударственной интеграции // Проблемы агрорынка. – 2013.- N2.-С.68-73 с.

8 Цены в сельском, лесном и рыбном хозяйстве в Республике Казахстан за 2010-2014 гг.: Статистический сборник (на казахском и русском языках).–Астана, 2015.– 119с..

9 Цены на потребительском рынке в Республике Казахстан за 2010-2014 годы: Статистический сборник (на казахском и русском языках). – Астана, 2015. – 392 с.

10 Никитина Г.А. Тенденции развития спроса на продовольствие в Казахстане // Проблемы агрорынка. – 2013.-N2. –С. 23-29

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Analiz proizvodstva i potrebleniya moloka i molochnoj produkcii: Marketingovoe issledovanie / [Elektronnyj resurs].-2016:// [http:// www.kaf.kz/about/marketingovye_issledovaniya/ 1analis_milk.pdf](http://www.kaf.kz/about/marketingovye_issledovaniya/1analis_milk.pdf) (data obrashheniya 19.02.2016).

2 Kazahstan v 2014 godu: Statisticheskij ezhegodnik (na kazahskom i russkom jazykah). – Astana, 2015. – 485 s.

3 Sel'skoe, lesnoe i rybnoe hozjajstvo v Respublike Kazahstan za 2010-2014 gody: Statisticheskij sbornik (na kazahskom i russkom jazykah). – Astana, 2015. – 192 s.

4 Balansy resursov i ispol'zovanija vazhnejshih vidov syr'ja, produkcii proizvodstvenno-tehnicheskogo naznachenija i pot-rebitel'skih tovarov po Respublike Kazahstan za 2010-2014 gody: Statisticheskij sbornik (na



